

«БЕКІТЕМІН»  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық казак-түрік  
университетінің ректор өкілі  
П.Баттал  
« 0 » 10 2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық казак-түрік  
университетінің ректоры  
Ж.Темірбекова  
« 10 » 2023 ж.



## САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-021-2023


*ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУ  
ТУРАЛЫ*

### АЛҒЫ СӨЗ

1. Ғылым департаментімен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер: – Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков
3. Келісілді: – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева  
– Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова  
– Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Нурсой  
– Жауапты хатшы Г.Байсенкул  
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов  
– Қаржы департаментінің директоры Қ.Төребай  
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы м.а. Ж.Сыздыкова  
– Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының жетекші сарапшысы А.Бакирова
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2023 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2026 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан, 2023



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		<b>21 беттің 2-беті</b>

### МАЗМҰНЫ

1.	Максаты мен қолдану аясы, негіздемесі, қысқартылған сөздер _____	3
2.	Органдар, міндеттер, құқық және жауапкершіліктер _____	5
3.	Жоба түрлері және қолдану бағыттары _____	7
4.	Өтінім беру және сараптау (Бағалау) _____	10
5.	Жобалардың орындалуы және мониторингі _____	12
6.	Жалпы ережелер мен санкциялар _____	15
7.	Өзгерістерді енгізу тәртібі _____	18
8.	Келісу, сақтау және тарату _____	18
9.	Қосымшалар _____	20

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		21 беттің 3-беті

## 1. МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНУ АЯСЫ, НЕГІЗДЕМЕСІ, ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

### Мақсаты

1.1 Бұл Ереже, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушы-профессорлары және докторант, резиденттер (медицина, стоматология, фармацевтика, ветеринария мамандықтары) немесе өнер саласында біліктілік арттырған ғылыми қызметкерлер тарапынан дайындалған ғылыми-зерттеу жобаларының қарастырылуы, қабылдануы, қолдау көрсетілуі, осыған қатысты жұмыстардың жүргізілуі, қадағалануы, нәтижелерінің талдануы және қоғамға жариялануы туралы тәсілдер мен негіздерді айқындау мақсатында дайындалды.

### Қамту аясы

1.2 Бұл ереже, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті тарапынан жүргізілетін ғылыми-зерттеу жобаларын қамтиды.

### Негіздеме

1.3 Бұл Ереже:

- Қазақстан Республикасының 18.02.2011 жылғы «Ғылым туралы» Заңына;
- «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасына» (ғылыми-зерттеу бағыты бойынша) (07.12.2010ж.);
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (18.02.2011ж; 27.07.2007ж. 44-баб, 9-тармақ);
- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының жыл сайынғы байқауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ережесіне (15.11.2012, 03-4/436);
- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 1, 10 (б), 15 баптары;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 03.06.2023ж. 75-ші Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдерімен қолданысқа енгізілген «Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру Регламентінің» ережелеріне негізделі отырып дайындалды.

### Қысқартылған сөздер

1.4 Бұл Ережеде берілген қысқартылған сөздер төмендегідей:

- **Университет:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
- **Сенат:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат мәжілісі.
- **Басқару кеңесі:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Басқару кеңесі.
- **Өкілетті Кеңес:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесі.
- **Ректор:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректоры.
- **Ректор Өкілі:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректор Өкілі.
- **Вице-ректор:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Вице-ректоры.
- **Ғылыми зерттеу жобасы (ҒЗЖ):** Ғылыми жоба аяқталған кезде, өз саласы бойынша ғылымға үлес қосатын, елдің технологиялық, экономикалық, мәдени-әлеуметтік дамуына үлес қосатын ғылыми мазмұндағы, сондай-ақ университеттің ішкі және сыртқы, ұлттық және

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-021-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		21 беттің 4-беті

халықаралық ұйымдарының қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар арқылы ғалымдар дайындау және ғылыми инфрақұрылым құру және дамыту жобалары.

- **Ғылыми зерттеу жобаларының (ҒЗЖ) комиссиясы:** ғылыми жобаларды қарастыру, бағалау, қабылдау, қолдау, ынталандыру және үйлестіру, сондай-ақ жоғары оқу орнының ғылыми көрсеткіштерін арттыру бойынша тиісті іс-шаралар жүргізу, ғылыми көрсеткіштерді өлшеу, бағалау және ғылыми саясатты айқындауға қатысты жұмыстар жүргізу, басшылықтың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты беретін басқа да жұмыстарын жүргізу мақсатында құрылған комиссия.

- **ҒЗЖ комиссия төрағасы:** ҒЗЖ комиссиясына жоғары оқу орнының атынан төрағалық ету мақсатында Ректор және Ректор Өкілі тарапынан тағайындалған және солардың алдында жауапты болып табылатын Вице-ректор.

- **ҒЗ бөлімі:** ҒЗЖ комиссиясының хатшылық жұмыстарын жүргізетін, бюджет төлемдерін арнайы есеп-шотқа аударатын, арнайы есеп-шотқа қатысты жұмыстарды жүргізетін, ғылыми қызметкерлердің ұлттық және халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау көрсетілетін жобаларын тиісті заңнамада көрсетілген ережелерге сәйкес жүргізетін және қадағалайтын, Ректор және Ректор Өкілінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты беретін басқа да жұмыстарын тиісті бөлімдермен байланыса отырып жүргізетін бөлім.

- **ҒЗ бөлім үйлестірушісі:** ҒЗ бөлімінің жұмыстарын университет атынан жүргізуге жауапты, PhD немесе соған теңестірілген ғылыми дәрежесі бар оқытушы.

- **Жоба жетекшісі:** Жобаны ұсынатын, оның дайындалуы мен орындалуына жауапты университеттің оқытушы-профессорлары мен докторантура немесе резидентура, (медицина, стоматология, фармацевтика, ветеринария мамандықтары) немесе өнер саласында біліктілік арттырған ғылыми қызметкерлер.

- **Ғылыми қызметкер:** ғылыми жобаны жүргізу үшін жоба жетекшісі тарапынан жобаға мүше болып қабылданған оқытушылар, жобаның тақырыбы бойынша бакалавр (бакалавр студенттері ғылыми жобаларға зерттеуші ретінде мүше бола алады) және жоғары білімнен кейінгі бағдарламаларда білім алып жатқан ізденушілер (магистрант, докторант) мен магистратура, докторантура бағдарламаларын бітіріп жоба бойынша жұмыс істеп жатқан азаматтар.

- **Стипендиат:** Жүргізілетін жоба бойынша шәкіртақы төленетін, жоғары оқу орнының магистратура және докторантура бағдарламаларында білім алатын ізденушілер.

- **Жоба тобы:** Жоба жетекшісі, ғылыми қызметкерлер және стипендиаттар.

- **Сарапшы:** Жоба бойынша ұсынылатын есептер, өтініш-талаптар және жарияланымдар сияқты жұмыстарды бағалау үшін пікірлері сұралатын ғылыми қызметкерлер мен докторлық дәрежесі бар оқытушылар.

- **Жоба келісімшарты:** Қолдау көрсетілу жөнінде шешім қабылданған жобаларға қатысты Ректор, Ректор Өкілі немесе ҒЗЖ төрағасы мен жоба тобы тарапынан қол қойылған, сондай-ақ жобаны жүргізу, қорытындылау және жоба нәтижелерін жариялау сияқты мәселелерде жүгінетін принциптер мен тәртіп-негіздер қамтылған келісімшарт.

- **Зерттеудің басым бағыттары:** Елдің және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылым және технология саясаты мен ҒЗЖ комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, жыл сайын Сенат айқындайтын университеттің басты ғылыми бағыттары.

- **Қаржылық қолдау:** Ұлттық немесе халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау көрсетілетін ғылыми жобалар бойынша қажеттілік туындаған жағдайда пайдалану үшін жалпы жобаның құнынан 20% аспау шартымен ҒЗЖ комиссиясы тарапынан ұсынылып, Ректор мен Ректор Өкілі тарапынан бекітілетін қаржылық қолдау.

- **Жобалық процестерді басқару жүйесі:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми-зерттеу жобаларының процестерін басқару жүйесі.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-021-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		21 беттің 5-беті

- ҰМҒТСО: Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы.
- СМЖ: Сапа менеджменті жүйесі.
- СРСО: Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы.
- ҒЗИ/ҒЗО: Ғылыми-зерттеу институттары/орталықтары.

## 2. ОРГАНДАР, МІНДЕТТЕР, ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕР

### ҒЗЖ Комиссиясы

2.1. ҒЗЖ комиссиясы, Ректор мен Ректор Өкілі тарапынан тағайындалған Ректор орынбасарының басшылығымен ҒЗЖ бөлімінің координаторы және Сенаттың ұсынысымен Ректор мен Ректор Өкілі тарапынан тағайындалған ең кемі жеті және ең көп он бір адамнан құралады.

2.2. ҒЗЖ комиссиясының мүшелері мен комиссия төрағасы 4 жылға тағайындалады. Қызмет мерзімі аяқталған төраға мен комиссия мүшелері белгіленген тәртіппен қайта тағайындалуы мүмкін.

2.3. Комиссия төрағасы мен мүшелерінің өздерінің міндеттері мен жауапкершіліктерін орындамағандығы анықталған жағдайда, белгіленген тәртіпке сәйкес Ректор және Ректор Өкілі тарапынан қызмет мерзімдері аяқталмай жатып қызметінен босатылуы мүмкін. Кез-келген себепке байланысты қызметінен босатылған комиссия төрағасы немесе комиссия мүшесінің орнына белгіленген тәртіппен жаңа комиссия мүшесі тағайындалады.

### ҒЗЖ комиссиясының мәжіліс өткізу және шешім қабылдауға қатысты саны

2.4. ҒЗЖ комиссиясы, комиссия төрағасының шақыруымен жиналады. ҒЗЖ комиссиясы мүшелердің басым бөлігінің қатысуымен жиналады. Шешімдер ашық дауыс беру және көпшіліктің дауыс беруі арқылы қабылданады. Берілген дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші дауыс болып есептеледі.

### ҒЗЖ Комиссиясының өкілеттігі, міндеттері және жауапкершілігі

2.5. Комиссия мынадай міндеттерді атқарады:

a. Жоба нәтижелерінің ғылыми құндылығы жоғары нәтижелер шығаруына ынталандыратын және ресурстардың тиімді пайдаланылуына ықпал ететін саясатты назарға ала отырып қолдау көрсетілетін жоба түрлері мен олардың қолданылу принциптерін айқындайды.

b. Жобаға өтінім беру күнтізбесін дайындайды.

c. Жобалық өтінімдерді жүзеге асыруға, бағалауға, орындауға, мониторингке және қорытындылауға қатысты іске асыру принциптерін анықтайды.

d. Қолдау көрсетілетін жобалардың келісімшарттарын дайындайды.

e. Зерттеушілер қатыса алатын жобалардың санын және жобаларға көрсетілетін қолдау көлемін (мөлшерін) анықтайды.

f. Жобалар бойынша гранттық қаржыны төлеуге қатысты процедуралар мен принциптерді анықтайды.

g. Жобалар бойынша сарапшы қаражатына қатысты процедуралар мен принциптерді анықтайды.

h. Жоба өтінімдерін тікелей немесе сарапшылардың пікірлеріне сүйене отырып бағалайды, жобаларға қолдау көрсетіліп-көрсетілмеуі жөнінде шешім қабылдайды және осы тұрғыда қабылданған шешімдерді Өкілетті кеңестің бекітуіне ұсынады.

i. Жоғары оқу орнының зерттеушілері басқаратын ұлттық немесе халықаралық институттар мен ұйымдардың қолдауын тапқан ғылыми-зерттеу жобалары аясында ҒЗЖ бөлімі тарапынан жасалынатын қаржылай төлем өтінімдеріне қатысты принциптерді

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		<i>21 беттің 6-беті</i>

анықтайды. Өтінімдерді бағалайды және қолдау көрсетілетін жобалар бойынша аралық және қорытынды есептерді ұсыну ережелерін анықтайды.

і. Іске асырылып жатқан жобалар аясында аралық есептерді ұсыну принциптерін анықтайды, ұсынылған аралық есептерді бағалайды және шешім қабылдайды..

к. Жоба жетекшілерінің қосымша уақыт, қосымша қаржы және басқа да талап-өтініштерін қарастырып шешім қабылдайды.

л. Қажет деп тапқан жағдайда жоба жұмыстарын тексереді және/немесе оны сарапшыларға тексертеді, жоба жетекшілерін ауыстыра алады және жобаны тоқтата алады.

м. Келісімшарт және Ереже баптарына қайшы келетін жағдайларда тиісті санкциялар туралы шешім қабылдай алады.

н. Елдің және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылым саясатына сәйкес басты ғылыми бағыттар мен тақырыптарды анықтау бойынша жұмыстар жүргізіп, оны Сенатқа ұсынады.

о. Ғылыми-зерттеу жобаларын ынталандыру және үйлестіру – университеттің ғылыми-зерттеу көрсеткіштерін арттыру және зерттеу саясатын анықтау жұмыстарына ықпал етеді.

р. Университеттің ғылыми-зерттеу нәтижелерін өлшеу және бағалаумен байланысты іс-шараларды жүзеге асырады.

қ. Жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру және үйлестіру туралы регламенті бойынша Ректор мен Ректор Өкілі тарапынан берілген басқа да міндеттерді орындайды.

г. Комиссия мүшелері өтінім берілген және бағаланған жобалар аясындағы барлық ақпараттың құпиялылығына, этикалық қағидаттарға сәйкес әрекет етуге және тиісті заңнамада көзделген мәселелерге сәйкес өз міндеттерін орындауға жауапты.

#### **ҒЗЖ бөлім үйлестірушісі**

2.6 ҒЗЖ бөлім үйлестірушісі: ҒЗЖ бөлімінің жұмыстарының Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің атынан жүргізілуіне жауапты PhD және соған теңестірілген ғылыми дәрежесі бар оқытушы болып табылады. ҒЗЖ бөлімінің үйлестірушісі, өз саласы бойынша ғылыми жұмыстарымен танылған оқытушылардың ішінен Ректор және Ректор Өкілі тарапынан тағайындалады. ҒЗЖ бөлімінің үйлестірушісі, Ректор, Ректор Өкілі және ҒЗЖ комиссиясының төрағасы болып тағайындалған Вице-ректор алдында жауапты болып табылады.

#### **Үйлестірушінің міндеттері**

2.7 Үйлестіруші мынадай міндеттерді орындайды:

а. ҒЗЖ бөлімінің бағдарламалары мен жұмыстарын тиісті заңнама, ереже және ҒЗЖ комиссиясының шешімдері бойынша реттеу және жүргізу,

б. ҒЗЖ комиссиясының төрағасы жұмыста болмаған кезде комиссия төрағасының рұқсатымен комиссия төрағасының міндетін атқару,

с. Қолданысқа енгізілген (қабылданған) жобалардың барлық сатып алу, төлем жасау жұмыстарында қол қою құқығына ие болу,

д. Жобаларға қатысты хабарландырулар дайындау, хат алмасу жұмыстарын жүргізу, қажет деп тапқан жағдайда жоба жетекшілерінен келген ұсыныс-пікірлерді комиссияға жіберу,

е. Комиссия отырыстарының күн тәртібін дайындау,

ф. Комиссия отырыстарында баяндамашы ретінде әрекет ету,

г. Бөлім мен комиссия жұмыстарында байланыс пен үйлестірушілік жұмыстарын қамтамасыз ету,

h. ҒЗЖ бөліміне университет ішінде және тыс жерлерде өкілдік ету,

і. Бөлім қызметкерлерінің міндеттерін мен жауапкершілігін анықтау, қызметкерлер арасында үйлестірушілікті қамтамасыз ету.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<i>УЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</b>		21 беттің 7-беті

ј. Ректор, Ректор Өкілі және ҒЗЖ комиссиясының төрағасына бөлімнің жұмыстары туралы мерзімдік есептерді ұсыну,

к. Өкілетті кеңеске ұсыну үшін жыл сайын ҒЗЖ бөлімінің стратегиялық жоспарын, атқарған жұмыстары туралы есептер мен статистикалық есептерді дайындау,

І. Бөлімнің жобаларды басқару жүйесі мен интернет жүйесінің қолданылу мақсатына сай болуын және жаңартылып отыруын қамтамасыз ету,

т. Тиісті регламент ережелеріне сай жобалар жайында ҰМҒТСО-ға мәлімет берілуін және жобалардың қоғамға жариялануын қамтамасыз ету,

п. Өкілетті кеңес, Ректор, Ректор Өкілі тарапынан жүктелетін бөлімге қатысты басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

#### **ҒЗЖ үйлестірушісінің көмекшілері**

2.8 ҒЗЖ бөлімінің жұмыстарының жүргізілуінде координатордың ұсынысымен Ректор және Ректор Өкілі тарапынан координаторға көмекші болып тағайындалған қызметкерлер.

2.9 Координатор көмекшілерінің қызмет мерзімі координатордың қызмет мерзімімен аяқталады. Координатор қызметінен босатылған жағдайда, координатор көмекшілерінің де қызметі автоматты түрде аяқталады. Қызмет мерзімі аяқталған координатор көмекшілері тиісті тәртіппен қайтадан тағайындала алады.

### **3. ЖОБА ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ БАҒЫТТАРЫ**

#### **Жоба түрлері**

3.1 ҒЗ бөлімі тарапынан қолдау көрсетілетін жобалардың түрлері, өтінім беру, орындау және аяқтау шарттары мен қолдану ережелері ҒЗЖ комиссиясы тарапынан анықталады.

3.2 ҒЗ бөлімі тарапынан қолдау көрсетілетін жобалардың түрлері төменде берілген. ҒЗЖ комиссиясы көрсетілген осы жобалардың аясында өзгерістер енгізе алады, қажет деп тапқандарын қолданыстан алып тастай алады және жаңа жоба түрлерін жасай алады.

3.3 ҒЗЖ комиссиясы жүзеге асырылатын жоба түрлерінің ғылыми зерттеу жобасының анықтамасына және заңнамаға сәйкестігіне жауап береді.

3.4 Регламентте берілген қолдау көрсетілетін жоба түрлерінің атаулары мен аббревиатуралық кодтары қолдануда оңай болу үшін төменде көрсетілгендей етіп қолданылады:

- «Жалпы ғылыми-зерттеу жобаларының» орнына «Қалыпты ғылыми-зерттеу жобалары»

- «Басты салалар бойынша ғылыми-зерттеу жобаларының» орнына «Көпсалалы ғылыми-зерттеу жобалары»

- «Магистрлік диссертация жобаларының» орнына «Жоғары білімнен кейінгі диссертация жобалары - магистратура»

- «Докторантура диссертация жобаларының» орнына «Жоғары білімнен кейінгі диссертация жобалары - докторантура»

- «Резидентура диссертация жобаларының» орнына «Жоғары білімнен кейінгі диссертация жобалары - резидентура»

- «Инфрақұрылым дамыту жобаларының» орнына «Инфрақұрылым дамыту жобалары»

- «Ғылыми жобаларды бастауды қолдау жобаларының» орнына «Карьера бастуды қолдау жобалары»

- «Оқу орындарының қатысуымен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жобаларының орнына» «Ортақ ғылыми-зерттеу жобалары»

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		<i>21 беттің 8-беті</i>

- «Университет оқытушыларының университеттен тыс өндірістік ұйымдармен ортақтаса отырып ұсынатын, бюджеті университет және ынтымақтастық хаттамасы жасалған мекеме тарапынан қамтамасыз етілетін өндіріске қатысты жобалардың» орнына «университет – өндіріс ынтымақтастық жобалары»

- «Ғылыми сапаны дамыту жобаларының» орнына «Халықаралық ғылыми-зерттеу ынтымақтастық жобалары»

- 2023 жылғы 3 маусымдағы №75-ші Өкілетті кеңес жиналысының 6.3 шешімімен қабылданған Регламенттің түрік тіліндегі нұсқасының 36 бабында қолданылған «Mütevelli Heyeti» (Өкілетті кеңес) орнына «Mütevelli Heyet Başkanlığı» (Өкілетті кеңес басқармасы); «ticari bütçe» (коммерциялық бюджет) орнына «ticari gelir» (коммерциялық табыс) деп қолданылады.

**1. «Қалыпты ғылыми-зерттеу жобалары» (ҚҒЖ):** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушы-профессорлары және докторант, резиденттер (медицина, стоматология, фармацевтика, ветеринария мамандықтары) немесе өнер саласында біліктілік арттырған ғылыми қызметкерлер тарапынан дайындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтитын жобалар.

**2. Карьера бастауды қолдау жобалары (КҚЖ):** Докторантура, резидентура, өнер саласында біліктілік немесе соған теңестірілген курсты аяқтаған, бұрын қаржылық қолдау көрсетілген кез-келген ғылыми жобаға мүше болып қатыспаған оқытушылардың ғылыми жұмыстарына қолдау көрсетуге қатысты жобалар.

**3. «Жоғары білімнен кейінгі диссертация жобалары - магистратура» (ЖБДЖ-МАГ):** Жоғары оқу орнында оқитын магистранттардың магистрлік диссертацияларын қамтитын және диссертация жетекшісінің магистранттармен бірге жүргізетін ғылыми жобалары.

**4. «Жоғары білімнен кейінгі диссертация жобалары - докторантура» (ЖБДЖ-ДОК):** Жоғары оқу орнында оқитын докторанттардың докторлық диссертацияларын қамтитын және диссертация жетекшісінің докторанттармен бірге жүргізетін ғылыми жобалары.

**5. «Жоғары білімнен кейінгі диссертация жобалары - резидентура» (ЖБДЖ-РЗД):** Медицина факультетінде оқитын резиденттердің резидентура диссертацияларын қамтитын және диссертация жетекшісінің резиденттермен бірге жүргізетін ғылыми жобалары.

**6. Стоматология бойынша диссертациялық жобалар (СБДЖ):** Медицина факультетінің ғылыми қызметкерлерінің стоматология саласындағы диссертациялық жұмыстарын қамтитын және диссертация жетекшісінің стоматолог мамандармен бірге жүргізетін ғылыми жобалары.

**7. Бакалавриат студенттерінің ортақ ғылыми-зерттеу жобалары:** Университетіміздің бакалавриат деңгейінде білім беретін күндізгі оқу бағдарламаларына тіркелген үлгерімі жоғары студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыруға, оларды ғылыми жұмыстарға ынталандыруға бағытталған ғылыми жобалар. Бұл жобаларға тек ҒЗЖ комиссиясы тарапынан анықталып, хабарланған талаптарды орындаған студенттер ғана зерттеуші ретінде қатыса алады.

**8. Басқа ұйым-мекемелер тарапынан қаржыландырылатын ғылыми жұмыстарды қолдау жобасы (БМҚҒЖ):** Университеттен тыс ұлттық немесе халықаралық мекемелер тарапынан қаржылай қолдау көрсетілу арқылы жүзеге асырылған және университет қызметкерлері қатысатын ғылыми жобалардың нәтижелерін арттыру мақсатында дайындалатын қолдау жобалары. Бұл ретте жаңа тың деректер шығару, ғылыми тұжырымдар жасау немесе техникалық проблемаларды шешуде ғылыми негіздерге сәйкес



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		<i>21 беттің 9-беті</i>

жүргізілген ғылыми жобалар негізге алынады. Инфрақұрылым қалыптастыруға бағытталған жобалар мен әлеуметтік жауапкершілік сипатындағы жобаларға қолдау көрсетілмейді.

**9. Бірлескен ортақ ғылыми-зерттеу жобалары (БЗЖ):** Университет ғалымдарының (оқытушылар, ғылыми қызметкерлер) елдің және университеттің ғылыми-техникалық, әлеуметтік инфрақұрылымын нығайту немесе қоршаған ортаны қорғау және көркейту мақсатында ұлттық немесе халықаралық ұйым-мекемелердің қатысуымен дайындайтын ғылыми жобалары. Бұл жобаларда ынтымақтастық жасалған ұйым-мекемелердің жоба бюджетіне белгілі бір мөлшерде қаржылай үлес қосуы, адам ресурстарымен қолдау көрсетуі немесе университетте жоқ ғылыми инфрақұрылымдарды жоба бойынша қолдану сияқты заттай немесе қаржылай үлес қосуы керек.

**10. Көпсалалы ғылыми жобалар (КСЗЖ):** Елдің ғылым, техника және жаңалық саясатымен айналысатын комитеттердің атап көрсеткен маңызды салалары мен университеттің стратегиялық мақсаттары негізге алына отырып дайындалатын көпсалалы ғылыми жобалар. Осы бағытта қолдау көрсетілетін жобалардың ұлттық немесе халықаралық ұйым-мекемелердегі өзге салалардың ең кем дегенде екі бөлімінің ынтымақтастық арқылы жүргізілуі және көпсалалы болуы шарт. Медицина ғылымдарда мамандықтар, басқа салаларда бөлімдердің әрқайсысы өз алдына бөлек орталық ретінде қарастырылуы мүмкін, алайда бөлімдер (кафедра) мен факультеттер арасында тығыз ынтымақтастық болуы керек. Маңызды ғылыми салалардың ішінде болмаса да университет үшін ғылыми маңыздылығы жоғары көпсалалы жобаларға да қолдау көрсетілуі мүмкін. ҒЗЖ комиссиясы мұндай жобаларға өтінім беру шарттарын анықтайды және арнайы бағалау процестері қарастырылады. Бұл жобаларда ынтымақтастық жасалған ұйым-мекемелердің жоба бюджетіне қаржылай үлес қосуы, адам ресурстарымен қолдау көрсетуі немесе жоба бойынша қажетті инфрақұрылымдарды қолдану сияқты заттай немесе қаржылай үлес қосуы керек.

**11. Университет – өндіріс ынтымақтастық жобалары (УӨЫЖ):** Университет оқытушыларының университеттен тыс өндірістік ұйымдармен ортақтаса отырып ұсынатын, бюджеті университет және ынтымақтастық хаттамасы жасалған мекеме тарапынан ортақ қамтамасыз етілетін өндіріске қатысты жобалар.

**12. Белгілі бір жоспар бойынша жүргізілетін жобалар (БЖЖ):** ҒЗЖ комиссиясының университет немесе ел үшін маңызды болып саналатын тақырыптарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында ғалымдарға дайындататын немесе тақырып және шарттарын айқындау арқылы Ректор және Ректор Өкілінің бекітуімен қолдау көрсетілетін жобалар.

**13. Жылдам қолдау көрсету жобасы (ЖҚЖ):** жалпы ғылыми жобаларға айналу мүмкіндігі бар қысқа мерзімді және шағын бюджеттік зерттеулерді қолдауға бағытталған жобалар. Жобаның мерзімі ең көп дегенде 12 аймен шектеледі.

**14. Ғалымдарды оқыту және дамыту жобалары:** Елдің және университеттің ғылым саясатына сәйкес зерттеушілердің инфрақұрылымын жақсарту, зерттеушілердің танымдылығы арқылы ұлттық және халықаралық ғылыми ынтымақтастықтарды арттыру, зерттеу ортасы мен мүмкіндіктерін жақсарту, ұлттық және халықаралық ұйымдардан көбірек қолдау алуға ынталандыру, шетелдік зерттеулер мен ғылыми тәжірибелерді дамыту арқылы зерттеушілердің ғылыми зерттеулері елімізге пайдасы көбірек болу мақсатында патенттер немесе тіркеу куәліктері сияқты бастамаларды қолдауға бағытталған жобалар. Осы тұрғыда көрсетілетін қолдау түрлері төменде келтірілген:

**а. Ғылыми/өнер/спорттық іс-шараларға қатысуға қолдау көрсету:** Бұл жоғары оқу орнының ғылыми қызметкерлерінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін ұсынуы үшін халықаралық конгресстерге, конференцияларға, симпозиумдарға, өнерлік немесе спорттық

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		<i>21 беттің 10-беті</i>

іс-шараларға қатысуына арналған қолдау жобалары. Осы тұрғыда ұсынылатын қолдаулар мен іске асыру принциптерін ҒЗЖ комиссиясы анықтайды.

**б. Халықаралық ғылыми-зерттеу ынтымақтастық жобалары:** Университет ғалымдарының (оқытушы, ғылыми қызметкер) халықаралық тәжірибелерін арттыру немесе өз салаларындағы соңғы ғылыми жаңалықтарды қадағалау мақсатында басшылық тарапынан үйлестірілетін, әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінің немесе әлемге танымал халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлерімен ынтымақтастық негізінде жүргізілетін жобалар.

**с. Ғылыми жиналыстарды ұйымдастыруды қолдау:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ұйымдастырылатын ұлттық немесе халықаралық ғылыми мазмұндағы, ғылыми және консультативтік кеңестер сияқты органдармен, ауызша немесе постерлік баяндамалардың сарапшылар бағалауы арқылы анықталатын және материалдар жинағы жарияланған (электронды түрде) ғылыми кездесулерді ұйымдастыруға және көркем туындылар шығаруға/көрсетуге арналған қолдау жобалары.

**д. Инфрақұрылымды дамыту жобалары (ИДЖ):** Университеттің ғылыми инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту мақсатында Ректор және Ректор Өкілінің бекітуімен университеттің оқытушы-профессорлары тарапынан жүргізілетін ғылыми мазмұндағы жобалар.

**е. Қолда бар инфрақұрылымды жақсарту жобасы (ҚИҚЖЖ):** Ғылыми жобалармен айналысу мүмкіндігі бар бөлімдердегі техникалық құрал-жабдықтарды жөндеу жұмыстарын қамтиды. Тиісті құрал-жабдықтар бөлім (кафедра) тарапынан қолданылып жатқан болса кафедраның шешімімен, ал бүкіл оқу бөлімі тарапынан қолданылатын болса Ғылым комитетінің шешімімен ҒЗ бөліміне өтініш берілуі керек. Мұндай жобаларға жаңа құрал-жабдықтар алынбайды.

**ф. Меншік құқығы және патенттік қолдау:** Жоғары құнды ғылыми зерттеулерді ынталандыру мақсатында, университетіміздің зерттеушілерінің ғылыми зерттеулерінен алынған нәтижелерге зияткерлік меншік құқығын тіркеу, патент немесе пайдалы модельді тіркеу сияқты процестерге қажетті шығындарды қолдау жобалары.

**г. Ғылыми әдебиетке үлес қосуды қолдау:** Университетіміздің зерттеушілеріне өздерінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін жариялау арқылы ғылыми әдебиетке көбірек үлес қосуға, сол арқылы олардың танылуын арттыру арқылы ғылыми ынтымақтастық әлеуетін көтеруге бағытталған қолдау жобалары. Осы тұрғыда ғалымдарымыздың университеттің Баспа комиссиясы тарапынан қолдау көрсетілуі жөн деп табылған ғылыми кітаптарды университеттің еңбегі ретінде басып шығаруға қолдау көрсетіледі.

**15. Зерттеушінің әлеуетін дамытуды қолдау:** Университет ғалымдарының (оқытушы, ғылыми қызметкер) өткен жылдағы академиялық жұмыстарын ескере отырып қолдау көрсетілетін жобалар. Осы тұрғыда көрсетілетін қолдаулар ғалымдардың (оқытушы, ғылыми қызметкер) атқарған жұмыстары мен университеттің дамуына қосқан үлесі негізге алына отырып ҒЗЖ комиссиясы тарапынан белгіленіп хабарланады.

#### **4. ӨТІНІМ БЕРУ ЖӘНЕ САРАПТАУ (БАҒАЛАУ)**

##### **Өтінім беру**

4.1 Ғылыми жобаға қатысты өтінімдер мен ұлттық немесе халықаралық ұйым-мекемелер тарапынан қолдау көрсетілетін ғылыми жобаларға қаржы аударуға қатысты өтінімдер Жоба процестерін басқару жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Өтінім беру шарттары координатордың ҒЗЖ комиссиясының шешімдері бойынша дайындайтын хабарландырулар арқылы жарияланады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХКТУ-021-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</b>		21 беттің 11-беті

4.2 Зерттеушілер бір уақытта жобаның мүшесі немесе зерттеуші ретінде қатыса алатын жобалардың санын ҒЗЖ комиссиясы анықтайды және жариялайды.

4.3 Жоғары білімнен кейінгі диссертациялық жобаларға қолдау көрсету өтінімі, диссертациялық жұмыс тиісті институттар немесе бөлімдердің уәкілетті органдары тарапынан қабылданғаннан кейін жүзеге асырылады. Қалыпты мерзімінен асып кеткен диссертациялық жұмыстар мен диссертация жазылмайтын магистрлік жұмыстарға қолдау көрсетілмейді.

4.4 Этика комиссиясы және/немесе құзырлы органдардан заңды рұқсатты талап ететін жобаларға қажетті бекіту және рұқсат құжаттарын алу жоба үйлестірушісінің жауапкершілігіне кіреді.

4.5 ҒЗЖ комиссиясы тарапынан санкция салынған зерттеушілер, санкция мерзімі аяқталмастан; мерзімі аяқталса да әлі бітпеген жобасы бар, сондай-ақ аралық есеп немесе мақала жариялау сияқты талаптарды орындамаған жоба жүргізушілері тиісті талаптарды орындамайынша жаңа жобаға қатысуға өтінім бере алмайды және жаңа жобаларға қатыса алмайды.

#### **Жобалардың бағалануы**

4.6 ҒЗ бөліміне ұсынылған ғылыми жобалар мен ұлттық немесе халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау көрсетілетін ғылыми жобаларға қаржы аударуға қатысты өтінімдер, тиісті талаптарды орындап-орындамағандығын тексеру мақсатында алдын-ала бағалауға (техникалық тексеру) жіберіледі. Тиісті талаптарды орындамаған жобалар себебі көрсетіліп өтінім несіне қайтарылады. Алдын-ала бағалау кезеңінде талаптарды орындаған жобалар, ҒЗЖ координаторы тарапынан ҒЗЖ комиссиясына ұсынылады.

4.7 Бағалауға жіберілген ғылыми жобалар мен басқа ұйымдар тарапынан қолдау көрсетілетін ғылыми жобаларға қаржы аудару туралы өтінімдерге қатысты жобаның түрі негізге алына отырып ҒЗЖ комиссиясы тарапынан тікелей шешім қабылдануы мүмкін немесе қажет деп тапқан жобалар саны мен ерекшеліктері ҒЗЖ комиссиясы тарапынан айқындалған сарапшыларға жіберіледі.

4.8 ҒЗЖ комиссиясы қажет деп тапқан жағдайда жоба тобынан өз жобалары туралы ауызша презентациялар жасауды сұрай алады.

4.9 ҒЗЖ комиссиясы жоба тақырыбының Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басым зерттеу бағыттарына қатысы бар-жоқтығын, сарапшы қорытындысын, егер бар болса жоба тобының бұрынғы жұмыстары туралы академиялық көрсеткіштерін және шығарылған ғылыми жарияланымдар мен патенттерді ескере отырып жобаға қолдау көрсетіліп-көрсетілмейтіндігі жөнінде шешім қабылдайды. Комиссия бағалау процесінің барлық кезеңдерінде қажет деп тапса, тиісті мамандардан пікір сұрай алады.

4.10 ҒЗЖ комиссиясының мүшелері өздері қатысатын жобаларға қатысты шешім қабылдауда жиналысқа қатыса алмайды және дауыс бере алмайды.

4.11 ҒЗЖ комиссиясы қолдау көрсетуді мақұлдаған жобалар Өкілетті Кеңес бекіткеннен кейін күшіне енеді.

#### **Жобаны бағалаушы сарапшыларға төленетін ақы**

4.12 Ғылыми-зерттеу жобаларын бағалау кезінде тағайындалған сарапшыға жобалардың маңыздылығын ескеріп, жобалық негізде ҒЗЖ Комиссиясы тарапынан белгіленген ақы төленуі мүмкін.

4.13 Осы тармақтың шеңберінде бір тұлғаға төленетін сараптамалық төлем саны бір күнтізбелік жыл ішінде алтыдан аспауы керек.

4.14 Сарапшыға төленетін ақы, университеттің арнайы шотындағы қаражат есебінен төленеді.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-021-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		21 беттің 12-беті

## 5. ЖОБАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГІ

### Жоба келісімшарты және жобалардың басталуы

5.1 Қолдау туралы шешім қабылданған жобалар үшін жобалық келісімшартқа Ректор, Ректор Өкілі немесе ҒЗЖ комиссиясының төрағасы және жоба тобының мүшелері қол қояды. Жоба мүшелері хаттамада көрсетілген барлық жағдайларға бағынуға міндетті. Ректор, Ректор Өкілі немесе өкілеттік берілген ҒЗЖ комиссиясының төрағасы тарапынан келісімшартқа қол қойылған күн жобалардың басталу күні болып есептеледі.

5.2 Қолдау көрсетілуі жөнінде шешім қабылданған жобаның қатысушыларының (мүшелерінің) өтінім беру кезінде Жоба процестерін басқару жүйесі арқылы электронды түрде енгізген құжаттардың түпнұсқалары мен жоба келісімшартын ҒЗ бөліміне тапсыруы тиіс. Тиісті құжаттары тапсырылмаған жобаларға ҒЗ бөлімі тарапынан ешқандай процесс басталмайды және қаржылық төлем жасалмайды. Жобалар комиссия тарапынан бекітілгеннен кейін ешқандай маңызды себебі болмаса да 1 ай ішінде жоба келісімшарты мен тиісті құжаттары тапсырылмаған және ең кемі 6 айдың ішінде басталмаған жобалар ҒЗЖ комиссиясының шешімімен жарамсыз деп табылуы мүмкін.

5.3 ҒЗЖ комиссиясы жоба жетекшісін ауыстырған жағдайда, жаңа жоба жетекшісі және жоба мүшелерімен қайтадан келісімшарт жасалады.

### Аралық есептер

5.4 Жоба жетекшілері 12 айдан асатын ұзақ мерзімді жобаларға келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 6 ай сайын жоба бойынша атқарылған жұмыстарды көрсететін аралық есепті белгіленген форматқа сай ҒЗ бөліміне тапсыруға міндетті. Бұл жағдай ортақ (бірлескен) түрде қаржыландырылатын ғылыми жобаларға да қатысты.

5.5 ҒЗЖ комиссиясы жобаның түрі мен ерекшеліктеріне қарай аралық есеп беру мерзімдері мен шарттарын өзгерте алады.

5.6 Аралық есептер ҒЗЖ комиссиясы тарапынан қаралады. ҒЗЖ комиссиясы қажет деп тапқан жағдайда сарапшылардың пікірлеріне жүгіне отырып, бағалау процесін аяқтай алады.

5.7 Жобаларға қаржылық қолдау көрсетуді жалғастыру ҒЗЖ комиссиясының аралық есептерге қатысты шығаратын оңды пікіріне байланысты.

### Қорытынды есеп

5.8 Жоба жетекшісі келісімшартта көрсетілген аяқталу күнінен кейін ең кеш 3 айдың ішінде зерттеу нәтижелерін қамтитын және ҒЗЖ комиссиясы белгілеген форматқа сәйкес дайындалған жоба нәтижесі туралы есепті Жобалық процестерді басқару жүйесіне электронды түрде енгізеді және есептің қағаз түріндегі нұсқасын ҒЗ бөліміне тапсырады.

5.9 Жоғары білімнен кейінгі диссертациялық жоба жетекшісі тиісті бөлімдер тарапынан бекітілген диссертацияның электронды нұсқасын Жоба процестерін басқару жүйесі арқылы электронды түрде және қағазға басылған, қол қойылған, бекітілген нұсқасын ҒЗ бөліміне өткізеді. Сондай-ақ, жоба мүшелерінің диссертацияның сәтті жазылып аяқталғандығы туралы тиісті институт/бөлімнен алған құжатты қорытынды есеппен бірге тапсыруы керек. Сонымен қатар, егер бар болса жоба бойынша шығарылған мақалалар да Жоба процестерін басқару жүйесі арқылы электронды түрде ҒЗ бөліміне беріледі.

5.10 Бірге қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларының жетекшілері тиісті жобаға қолдау көрсететін ұлттық/халықаралық ұйымның құзыретті органдары бекіткен жобаның қорытынды есебін және жобаның сәтті аяқталғанын көрсететін тиісті мекемелер берген құжатты Жобалық процестерді басқару жүйесіне және ҒЗ бөліміне ұсынады. Сонымен қатар, егер бар болса, жоба аясында жүзеге асырылған жарияланымдар мен басқа да жоба нәтижелері жобалық процестерді басқару жүйесіне және ҒЗ бөліміне ұсынылады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ҮЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		<i>21 беттің 13-беті</i>

5.11 Жобаларды ҒЗ бөлімі қолдайтыны туралы мәлідемесі жоқ есептер мен диссертациялар бағаланбайды. Бұл бірлескен (ортақ) түрде қаржыландырылатын ғылыми жобаларға да қатысты.

5.12 Қорытынды есептерді ҒЗЖ комиссиясы бағалайды. ҒЗЖ комиссиясы қажет деп тапқан жағдайда сарапшылардың пікірлеріне жүгіне отырып, бағалау процесін аяқтай алады.

5.13 Ғылыми жобалар аясында жүргізілген зерттеулер мен алынған нәтижелер магистратурада, докторантурада, резидентурада, өнерде біліктілікті арттыру немесе соған теңестірілген диссертацияларда пайдаланылмайды. Бұл бағыттағы нәтижелер әдебиеттерге дереккөздер ретінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

5.14 Жобаның нәтижесі туралы есеп сарапшы тарапынан дұрыс емес деп табылған жағдайда, комиссияның шешімімен сарапшының пікіріне қарай тиісті түзетулер енгізу үшін жоба жетекшісіне қайтарылады. Жоба жетекшісі бір ай ішінде тиісті түзетулерді жасауға толықтыруға және оны қайта сараптап бағалау үшін Үйлестірушіге беруге міндетті.

5.15 ҒЗЖ Комиссиясының шешімімен аяқталған жоба есептері университеттің мұрағатында сақталады және жыл сайын Ұлттық ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағалау орталығына тақырыбы және түйіні жіберіледі.

#### **Жоба нәтижелерін жариялау**

5.16 Жоба нәтижелерін жариялау ережелерін ҒЗЖ комиссиясы анықтайды. ҒЗЖ комиссиясы осы ережелерге өзгерістер енгізе алады, қажет деп санағандарын жоя алады және жаңа ережелерді енгізе алады.

5.17 Ұлттық және халықаралық танымал баспалар мен журналдар үшін қабылданатын ғылым салалары индекстерінің тізімі ҒЗЖ комиссиясы тарапынан анықталып хабарланады.

5.18 ҒЗ бөлімі тарапынан қолдау тапқан жобалар аясында жүргізілген барлық жарияланымдар мен тезистерде университеттің атауы, жоба, оның тіркелу нөмірі көрсетілуі тиіс («Бұл зерттеу Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық түрік-қазақ университеті тарапынан қолдау тапты. Жоба нөмірі: ..... («This work was supported by Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. Project Number:....»)) немесе ұқсас мағынасы бар сөз тіркесінің болуы міндетті болып табылады. Дегенмен, зерттеушілердің қолында емес міндетті шарттарға байланысты бұндай мәлімет енгізілмеген жарияланымдарды ҒЗЖ комиссиясы қарастырып, тиісті шешім қабылдайды.

5.19 ҒЗ бөлімі тарапынан қолдау көрсетілетін жобалар аясында жасалған жарияланымдардың бір нұсқасы Жоба процестерін басқару жүйесі арқылы ҒЗЖ комиссиясына ұсынылуы керек.

#### **Авторлық құқықтар және жоба нәтижелері**

5.20 ҒЗ бөлімі қолдаған жобалардан алынған ғылыми нәтижелердің авторлық құқықтары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне тиесілі. Жобаның нәтижелері бойынша кіріс кіргізетін кез-келген жарияланымға немесе процеске Өкілетті Кеңестен рұқсат алынуы тиіс.

5.21 Кіріс кіргізетін патенттер, өнертабыстар немесе өнімдер болған жағдайда кірісті бөлу жағдайы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Басқару кеңесі айқындаған және Өкілетті Кеңес бекіткен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Тиісті заңнамада авторларға төленетін мөлшерлемелер туралы ереже болған жағдайда, тиісті заңнаманың ережелері қолданылады.

5.22 Зерттеушілер жобаны орындау кезінде және/немесе аяқтағаннан кейін 5 жылға дейін сақталуы тиіс деректер мен жазбаларды, мәліметтерді, құжаттарды, бағдарламаларды, материалдарды ҒЗЖ комиссиясына өткізуге міндетті.

5.23 Қолданыстағы заңнаманы ескере отырып, ҒЗ бөлімі аяқталған жобаларға қатысты барлық ақпаратты, нәтижелерді, мәліметтерді, есептерді және жобалық топ туралы

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		<i>21 беттің 14-беті</i>

ақпаратты ішінара немесе толығымен баспа немесе электронды түрде жариялауға/жариялатуға және оны басқа мекемелер және ұйымдармен бөлісуге құқығы бар.

5.24 ҒЗ бөлімі қолдайтын жобалар аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша өндірілген/алынған патенттер, пайдалы модельдер, өнертабыстар, өнімдер, лицензиялар, жарияланымдар сияқты нәтижелердің барлық түрлері ҒЗ бөліміне ең кемі 6 айдың ішінде хабарлануы керек.

**Жобалардың мерзімі және аяқталуы**

5.25 Ғылыми-зерттеу жобалары қосымша уақытты қоса есептегенде, ең кеш дегенде отыз алты (36) айдың ішінде аяқталады. Жоба жетекшілерінің өтініші бойынша ҒЗЖ комиссиясының шешімімен жобаларға отыз алты (36) айдан аспайтындай қосымша уақыт берілуі мүмкін.

5.26 Диссертациялық жобаларға берілген уақыттар, уәкілетті бөлімшелердің зерттеулерге берген заңды қосымша мерзімдерді қамтитын түрде ұзартылуы мүмкін. Дегенмен, диссертациялық жұмыс жобаларын қаржылық қамтамасыз ету тиісті заңнамада белгіленген қалыпты оқу кезеңдерімен шектеледі. Диссертациялық жобаларға ұсынылатын қаржылық қолдаулар, егер ҒЗЖ комиссиясы жарияланған қағидаттарға сәйкес ұзарту туралы өтінішті мақұлдаса, ең көп дегенде алты (6) айға дейін қосымша уақытпен жалғастырылуы мүмкін.

5.27 Жобалардың түрлеріне қарай қосымша уақыттың беріліп-берілмеуін, қосымша уақыт беру шарттарын және берілетін қосымша уақытты ҒЗЖ комиссиясы анықтайды.

**Жобалардың бюджеті және жобаларды іске асыру принциптері**

5.28 Жобалардың түрлеріне қарай көрсетілетін қолдау көлемін (сомасын) ҒЗЖ комиссиясының ұсынысын ескере отырып, Өкілетті Кеңес анықтайды және жыл сайын жаңартып жариялап отырады. ҒЗЖ комиссиясы компьютерге, принтерге, кеңсе тауарларына, фотокошірмеге, іс-сапарға, қызметтерді сатып алуға және сол сияқты өтініштерге шектеу қоюы мүмкін.

5.29 Жоғары оқу орнында жүзеге асырылуы мүмкін сынақтар, талдаулар және қызметтер ең алдымен университет тарапынан қамтамасыз етіледі. Университеттен тыс жерлерде өткізілетін сынақтар, қызметтер және талдауларға қаржылай қолдау көрсету мәселесі өтініш беру кезеңінде егжей-тегжейлі ҒЗЖ комиссиясына түсіндірілуі керек. Жүргізілетін жобалар аясында мұндай мәселелер туындаған жағдайда, жоба жетекшілері аталмыш қаржылық қолдауды жүзеге асыру үшін себебін көрсетіп ҒЗЖ комиссиясына өтінім беруі керек және өтінім себептерінің ҒЗЖ комиссиясы тарапынан қабылдануы тиіс. Осы шарттарға сәйкес келмейтін қаржылық қолдау үшін ешқандай төлем жасалмайды.

5.30 Жобалардың негізінен ҒЗЖ комиссиясы қабылдаған бюджет пен шығыстар жоспарына қарай жүргізіліп аяқталуы басты нәрсе. Қажет болған жағдайда шығыстар жоспарындағы өзгерістер жоба жетекшісінің дәлелді өтініші негізінде ҒЗЖ комиссиясы тарапынан қаралады және тиісті шешім шығарылады. Жоба жетекшісінің дәлелді өтініші бойынша ҒЗЖ Комиссиясының шешімімен жобаларға тиісті нормативтік құқықтық актіде белгіленген мөлшерлемелерден аспайтын қосымша қаржы берілуі мүмкін. Жобалардың түрлеріне қарай берілетін қосымша бюджет мөлшері мен оның шарттары ҒЗЖ комиссиясы тарапынан анықталып, жарияланады.

5.31 Ғылыми-зерттеу жұмыстарына немесе конференция/симпозиумға қатысуға қатысты іс-сапар шығындары ҒЗЖ комиссиясы тарапынан анықталатын тәртіп-негіздер бойынша төленеді.

5.32 Ғылыми-зерттеу жұмыстарына немесе конференция/симпозиумға қатысуға қатысты іс-сапар шығындарының төленуі үшін жоба өтінімінде іс-сапар шығындарының көрсетілуі және ҒЗЖ комиссиясы тарапынан бекітілген болуы тиіс.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		<i>21 беттің 15-беті</i>

5.33 Жүргізілетін жоба бойынша атқарылған жұмыстарға қатысты дайындалған баяндамаларды ұсыну мақсатында конференция/симпозиумға қатысу үшін тиісті жобадан іс-сапар қаржысын алуға болады. Осы мақсатта ғана іс-сапар шығындарының төленуі үшін жоба өтінімінде іс-сапар шығындарының көрсетілуі және ҒЗЖ комиссиясы тарапынан бекітілген болуы тиіс. Жүргізіліп жатқан жобаға қатысы жоқ баяндамаларға іс-сапар шығыны төленбейді. Мұндай іс-әрекеттер этикаға қайшы болып есептеледі.

5.34 Жобаларды бағалау кезінде ҒЗЖ комиссиясы бекіткен іс-сапар және шәкіртақы төлемдеріне қатысты бюджеттік төлемдерді құрал-жабдықтар, тұтыну материалдары, қызмет сатып алу және т.б. басқа шығыс кестелеріне аударуға болмайды. Сол сияқты, құрал-жабдықтар, тұтыну материалдары, қызмет сатып алу және т.б. басқа шығыс кестелері үшін ҒЗЖ комиссиясы тарапынан бекітілген қаражаттар да іс-сапар және шәкіртақы бюджетіне аударылмайды.

5.35 Диссертациялық жобалар, бакалавриат студенттері қатысатын ғылыми жобалар, жылдам қолдау көрсету жобалары және ғалымдарды оқыту және дамыту жобаларынан басқа ғылыми-зерттеу жобаларындағы магистратура/докторантурада оқитын ізденушілерге шәкіртақы төлеуге болады.

5.36 Магистрант/докторанттарға жоба аясында стипендия төлеу үшін талап етілетін ерекшеліктер, қандай жобалар аясында стипендия төленетіндігі, стипендиялар үшін төленетін сомалар және стипендияларды таңдау кезінде ұстанатын принциптер сияқты мәселелер тиісті заңнама ережелеріне сәйкес ҒЗЖ комиссиясы тарапынан анықталады.

## **6. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН САНКЦИЯЛАР**

### **Жалпы ережелер**

6.1. ҒЗ бөлімі тарапынан жобаларға берілген техникалық құрал-жабдықтардың меншік құқығы университетке тиесілі. Аталмыш техникалық құрал-жабдықтар тиісті жоба аяқталғанға дейін жоба жетекшісінің бақылауында және пайдалануында болады; Жоба жетекшілері оларды күтіп ұстауға және жөндеуге жауапты. Аяқталған жобаларға тиесілі техникалық құрал-жабдықтарды университет ғылыми қызметкерлері пайдалану мүмкіндігіне ие. ҒЗЖ Комиссиясы мұндай техникалық құрал-жабдықтарды ортақ аумақта пайдалануға қолжетімді етуге, жоба жетекшісінен немесе тиісті бөлімнен/бөлімшеден әртүрлі жобаларда пайдалану үшін қайтарып алуға немесе қажет деп тапқан басқа да жұмыстарға пайдалануға құқылы.

6.2 Кітап сатып алу туралы өтініш берілген жобалардың жетекшілері сұралған кітаптардың жобаға материал ретінде қажет екендігі және бұл кітаптардың университетте жоқ екендігі жайлы кітапханадан жазбаша түрде қызмет хат алуы тиіс. Сатып алынған кітаптар университеттің кітапханасында тіркелгеннен кейін жоба жетекшісіне беріледі және жоба аяқталғаннан кейін жоба жетекшісі тарапынан кітапханаға тапсырылады.

6.3 Жоба жетекшісі жобаның барлық жазбалары мен деректерін жұмыс аяқталған күннен бастап 5 жыл бойы сақтауға міндетті.

6.4 ҒЗЖ Комиссиясы қажет деп тапқан жағдайда немесе жоба жетекшісінің өтінішін орынды деп тапса, жұмысты 6 айға дейін тоқтата алады. Зерттеушінің жағдайы ҒЗЖ комиссиясы тарапынан ескеріліп бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ жалпы 12 айдан аспауы керек. Тоқтатылған жобалар қайтадан қолданысқа енгізілгенге дейін жоба бойынша ешқандай қаржылық жұмсалым немесе төлем жасалмайды. Алайда, жоба тоқтатылғанға дейін жүргізіліп жатқан қаржылық процестер бар болса заңнамаға сәйкес жүргізіліп аяқталады.

6.5 Жоба өтінімдерін бағалау үшін тағайындалған сарапшыларға ақы төленуі мүмкін. Сарапшыға төленетін сомалар, сарапшыға төленетін жобалардың түрлері мен ерекшеліктері,

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<i>Сана менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		21 беттің 16-беті

сондай-ақ университет өкілі немесе басқа университеттердің зерттеушілеріне сарапшы ақысын төлеу сияқты мәселелер тиісті регламент ережелері мен ҒЗ бөлімінің бюджеттік мүмкіндіктері назарға алына отырып, ҒЗЖ комиссиясы тарапынан анықталады.

6.6 Жоба жетекшілері жұмыс жүргізілетін жерде жазатайым оқиғалардың алдын алу және денсаулық жағдайына қатысты Еңбек туралы заңға, Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңға және басқа да тиісті заңдар мен ережелерге сәйкес барлық қажетті заң талаптары мен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге жауапты. Стипендиаттар мүше болып қабылданған жобалар бойынша олардың жобаға қабылданған күннен бастап ең кеш дегенде 3 ай ішінде сертификат берілетін еңбек қауіпсіздігі бойынша курс оқуларына және олардың сертификаттарының ҒЗ бөліміне берілуіне жоба жетекшілері жауапты.

#### **Санкциялар**

6.7 Жобалар орындалып жатқанда немесе аяқталғаннан кейін, ғылыми этикаға қайшы келетін немесе қаржылық ресурстардың этикалық принциптерге қайшы пайдаланылғандығы туралы жағдайлар анықталған жағдайда, сондай-ақ 36 ай өтсе де жобаның аяқталмауы сияқты жағдайларда төмендегі санкциялар жүзеге асырылады:

a. Жүргізіліп жатқан жоба комиссияның шешімімен жойылады.

b. Жоба аясында сатып алынған барлық тауарлар мен материалдар кері қайтарылады және басқа жобалар жүргізіліп жатқан тиісті бөлімге немесе ҒЗЖ комиссиясы тарапынан мақұлданған басқа жобаларға беріледі.

c. Этикалық ережелерге қайшы әрекет еткен жоба жетекшісі мен мүшелеріне 5 жыл ешқандай жобалық қолдау көрсетілмейді.

d. ҒЗЖ комиссиясы аталмыш мәселенің университеттің этикалық комиссиясында қаралуы немесе заңды шаралар қолданылуы туралы Ректор немесе Ректор Өкіліне ұсыныс бере алады.

6.8 Қажет болған жағдайда, комиссия жоба жұмысына сараптама жасай алады немесе оны сарапшыларға жібереді. Төмендегі жағдайларда ҒЗЖ комиссиясының шешімімен жобалардың күші жойылады, жоба бойынша сатып алынған барлық құрал-жабдықтар кері қайтарылып басқа зерттеушілерге, басқа жобалар жүргізіліп жатқан тиісті бөлімге немесе ҒЗЖ комиссиясы тарапынан мақұлданған басқа жобаларға беріледі. Сондай-ақ жоба тобына 3 жылға дейін ҒЗ бөлімі тарапынан қолдау көрсетілмейді.

a. Жоба өтінімде қарастырылған мәселелер нәтиже көрсетпесе немесе зерттеушілердің немқұрайлылығы немесе кемшілігінің себебінен жоба мақсатқа сай жүргізілмесе,

b. Жоба аясында жасалатын іс-сапарлар ҒЗЖ комиссиясы тарапынан жобаның мақсатына сай емес деп саналса,

c. Жоба жетекшісі, жобаны басқаруды ҒЗЖ Комиссиясы бекіткен зерттеушіге өткізбей, жобадан кететін болса.

6.9 ҒЗЖ комиссиясы; келесі жағдайларда жобаның мазмұнына түзетулер мен өзгерістер енгізу немесе жобаны жарамсыз деп табу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Жоба төмендегі себептерге байланысты тоқтатылған жағдайда, барлық сатып алынған тауарлар мен материалдар басқа жобалар жүргізіліп жатқан тиісті бөлімге немесе ҒЗЖ комиссиясы тарапынан мақұлданған басқа жобаларға беріледі.

a) Жоба: зерттеушілердің денсаулық жағдайларына немесе заңды мәжбүрліктерге байланысты жүргізілмейтін болса,

b) Диссертациялық жобалар бойынша білім алушылар оқуын тастап кеткен жағдайда немесе құзырлы органдар тарапынан оқудан шығарылған жағдайда,

c) Жоба тобындағы зерттеушілердің басым көпшілігі университеттен шығарылып, жобаны жүргізе алмаған жағдайда,

d) Жоба тобының немқұрайлығынан туындаған және комиссия орынды деп тапқан басқа да мәжбүрлі себептерге байланысты жұмыс орындалмай қалған жағдайда.



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		<i>21 беттің 17-беті</i>

6.10 Үлгермеушілік немесе немісқұрайлылық салдарынан жобаның тоқтатылуына себепші болған магистрант/докторанттарға ҒЗ бөлімі диссертациялық жобалар үшін қолдау көрсетпейді.

6.11 Жобаның аралық есебі ҒЗЖ комиссиясы тарапынан қабылданатын себеп көрсетілместен 1 ай кешіктірілген жағдайда, есеп берілгенге дейін жобаға қатысты барлық процестер тоқтатылады. Ескертуге қарамастан 15 күн ішінде аралық есеп берілмесе, жоба жұмысы тоқтатылуы мүмкін және жоба бойынша сатып алынған құрал-жабдықтардың ішінен ақауы жоқ жарамды құрал-жабдықтар кері қайтарылады. Әйтпесе, бұл құрал-жабдықтардың құны және басқа да шығындардың құны заңды үстемесімен қоса жоба жетекшісінен алынады. Жоба жетекшісіне 3 жыл ҒЗ бөлімі тарапынан қолдау көрсетілмейді.

6.12 Жобаның қорытынды есебін белгіленген мерзімде ұсынбаған жоба жетекшілерінің жүргізіп жатқан жобаларға қатысты процестері есеп берілгенге дейін тоқтатылады.

6.13 Қорытынды есеп ескертуге қарамастан 1 ай ішінде ҒЗЖ комиссиясына себепсіз ұсынылмаса, жоба жұмысы жойылуы мүмкін. Жобаның күші жойылған жағдайда, жоба бойынша сатып алынған құрал-жабдықтардың ішінен ақауы жоқ жарамды құрал-жабдықтар кері қайтарылады. Әйтпесе, бұл құрал-жабдықтардың құны және басқа да шығындардың құны заңды үстемесімен қоса жоба жетекшісінен алынады. Жоба жетекшісіне 3 жыл ҒЗ бөлімі тарапынан қолдау көрсетілмейді.

6.14 Қорытынды есебі жеткіліксіз деп танылған жоба жетекшісіне 2 жыл ішінде ешқандай жаңа жобалық қолдау көрсетілмейді. Дегенмен, қорытынды есебі жеткіліксіз жобалар үшін жоба жетекшілерінің сұрауы бойынша және ҒЗЖ комиссиясының мақұлдауымен кейбір зерттеулерді қайта жасау немесе қорытынды есепті қайта дайындау үшін қосымша уақыт берілуі мүмкін. Алайда, берілетін қосымша уақыт пен жобаға берілген уақытты қосқанда жалпы отыз алты (36) айдан аспауы керек.

6.15 Дайындалған диссертациялық жұмысты қорғауда комиссия мүшелері немесе құзырлы кеңес жарамсыз деп тапқан жағдайда, тиісті диссертациялық жұмыс жобасының жетекшілеріне 3 жыл бойы жаңа жобалық қолдау көрсетілмейді.

6.16 Белгіленген мерзімнің бітуіне қарамастан мақала шығару талаптарын орындамаған диссертациялық жобаның жетекшілеріне 2 жыл, ал басқа жобалардың жетекшілеріне 3 жыл ішінде ешқандай жаңа жобалық қолдау көрсетілмейді.

6.17 ҒЗ бөлімі тарапынан қолдау көрсетілетін жобалар бойынша жарияланған кез-келген мақалада немесе диссертацияда 5.18-баптағы сөйлем жазылмаса (болмаса) зерттеушілерге ҒЗЖ комиссиясының шешімімен 1 жыл ешқандай қолдау көрсетілмейді. Бірақ, бұл сөйлем зерттеушілерге ешқандай қатысы жоқ басқа жағдайларға байланысты жазылмаған болса және ҒЗЖ комиссиясы тарапынан қабылданған жағдайда, зерттеушілерге ешқандай санкция салынбайды.

6.18 5.24-баптың немесе 5.33-баптың ережелері бұзылғандығы анықталса, жоба жетекшілеріне 3 жыл мерзімге жаңа жобалық қолдау көрсетілмейді.

6.19 6.3-баптың ережелерінің бұзылғандығы анықталса, жоба үйлестірушілеріне 3 жыл мерзімге жаңа жобалық қолдау көрсетілмейді.

6.20 6.7-бап немесе 6.8-бап көзделген жағдайларға байланысты ҒЗЖ комиссиясы тарапынан екінші рет санкция салынған зерттеушілер ҒЗ бөлімі көрсететін қолдауды ешқашан пайдалана алмайды.

6.21 Жобаның жетекшісі осы Ережеге және басқа да тиісті заңнамаға сәйкес ғылыми-техникалық, әкімшілік, құқықтық және қаржылық аспектілерде жобаны жүзеге асыруға жауапты болады. Жетекші және жобаның басқа да тұлғалары жобаға бөлінген қаражатты жобаның мақсаттарына сәйкес, тиімді, үнемді пайдаланбауынан туындауы мүмкін ақаудың мөлшеріндегі кез келген зиянды өтеуге міндетті.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-021-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		21 беттің 18-беті

6.22 Регламентте көрсетілмеген мәселелер бойынша «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру және үйлестіру регламентінің» ережелері мен жалпы заңнама ережелері қолданылады.

**Күшіне ену**

6.23 Осы Ереже, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенаты бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

**Жүзеге асыру**

6.24 Осы Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректоры мен Ректор Өкілі тарапынан жүзеге асырылады.

**7. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

7.1. Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған акпараттарды басқару процедурасына сәйкес жүзеге асады.

7.2. СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

**8. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

8.1 Осы Университет Ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделіп, бекітуге және өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы шығарады.

8.2 Ереженің әзірленуіне Ғылым департаменті, Факультеттер мен ҒЗИ/ҒЗО-лар, оны ережелер қатарына қосуға, жауапты болады.

8.3 Осы Университет Ережесінің жұмыс данасын сақтау, көбейту және қолданушыларға жіберу үшін жауапкершілік Ғылым департаментінің директорына жүктеледі. Осы Университет Ережесінің жұмыс нұсқалары факультет декандарына, ғылыми істер жөніндегі декан орынбасарларына, кафедра менгерушілеріне электронды почта адрестері бойынша жіберіледі.

8.4 Осы Университет Ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-021-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы</i>		21 беттің 19-беті

**КЕЛІСІЛДІ:**

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А.Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры



Мустафа Нурсой

Жауапты хатшы



Г.Байсенкул

Заң бөлімінің басшысы




Г. Мусаханов

Қаржы департаментінің директоры




Қ.Төребай

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы  
м.а.



Ж.Сыздыкова

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс  
бақылау және сапа орталығының жетекші  
сарапшысы



А.Бакирова



